ЖАҢАЛЫҚТАР

Министр: Трамп мәлімдемесі Екібастұздағы дата-орталық жобасына әсер етпеуі керек

24 қараша 2026 жыл, 16:06



Қазақстанның жасанды интеллект министрі Жаслан Мәдиев. Астана, 18 маусым, 2024 жыл.

АҚШ президенті Дональд Трамптың шетелде дата-орталықтар салғаны үшін американдық компанияларға айыппұл салу ниеті туралы мәлімдемесі Қазақстандағы "Дерек өңдеу орталықтары алқабы" (Data Center Valley)жобасының іске асырылуына әсер етпейді. Бұл туралы 24 қарашада үкіметтегі брифингте Қазақстанның жасанды интеллект министрі Жаслан Мәдиев мәлімдеді.

Министрдің айтуынша, Қазақстан американдық технологияны пайдалана отырып, дата-орталықтар салумен өз бетінше айналысады. Мәдиев әзірге Вашингтон

тарапынан жобаның жүзеге асуына кедергі келтіретіндей ешқандай шектеулер енгізілмегенін айтты.

"Әзірге бұл АҚШ президенті деңгейіндегі мәлімдеме ғана. Жаңа сын-қатер туындайтындай экспорттық бақылау аясындағы қандай да бір нақты реттеуші норма немесе ережелердің өзгергенін байқаған жоқпыз", — деді министр.

Қазақстанның технологиялық серіктестері ретінде жобаға американдық Nvidia және Firebird AI компаниялары қатысады.

Штаб-пәтері Сан-Франциско да орналасқан Firebird AI жасанды интеллект үшін есептеу инфрақұрылымын құруға маманданған. 2026 жылдың тамызында компания Арменияның Раздан қаласында алғашқы дата-орталығын іске қосты, ал қазан айында Қазақстандағы инфрақұрылымды дамыту үшін Nvidia-ның 45 мың графикалық процессорына қол жеткізгенін хабарлады.

Бұған дейін Трамп Қытаймен технологиялық бәсекені алға тартып, американдық технологиялық компанияларды АҚШ-тан тыс жерде дата-орталық салғаны үшін ірі айыппұл салу керегін айтқан.

2026 жылдың маусымында Қазақстан үкіметі, Firebird AI және Nvidia Қазақстанның Павлодар облысындағы Екібастұз қаласында "ДӨО алқабын" құру туралы келісімдер пакетіне қол қойған, оның жалпы қуатын болашақта бір гигаватқа дейін жеткізу жоспарланған.

Азат Еуропа / Азаттық радиосы © 2026, Inc. | Барлық құқықтары қорғалған